

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

# Х А Б А Р Л А Р Ы

## ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АБАЯ

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ABAY KAZAKH NATIONAL  
PEDAGOGICAL UNIVERSITY

ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ



СЕРИЯ ОБЩЕСТВЕННЫХ  
И ГУМАНИТАРНЫХ НАУК



SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

### 4 (320)

ШІЛДЕ – ТАМЫЗ 2018 ж.

ИЮЛЬ – АВГУСТ 2018 г.

JULY – AUGUST 2018

1962 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН

ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1962 ГОДА

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ

ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА құрметті мүшесі  
**Балықбаев Т.О.**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы :

экон. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нәрібаев К.Н.** (бас редактордың орынбасары); филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., академик НАН РК **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академик **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Құрманбайұлы Ш.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Дербісәлі А.**; саяси. ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қажыбек Е.З.**

Р е д а к ц и я к е ң е с і :

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); э. ғ. д., проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докт., проф. **Устименко В.А.** (Украина)

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы». ISSN 2224-5294**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18, <http://nauka-nanrk.kz>, [social-human.kz](http://social-human.kz)

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2018

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Главный редактор

Почетный член НАН РК

**Т.О. Балыкбаев**

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **К.Н. Нармбаев** (заместитель главного редактора); докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабиткенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. фиол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; д. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**; доктор фил. н., проф., член-корр. НАН РК **Қажыбек Е.З.**

Редакционный совет

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З.Сафарова** (Азербайджан); д. э. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); д.ю.н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

**Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. ISSN 2224-5294**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов

Министерства культуры и информации Республики Казахстан № 10894-Ж, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год

Тираж: 500 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz) / [social-human.kz](http://social-human.kz)

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2018 г.

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Chief Editor

Honorary member of NAS RK  
**Balykbayev T.O**

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baipakov K.M.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Naribayev K.N.** (deputy editor-in-chief); doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Kazhybek E.Z.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

**News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities. ISSN 2224-5294**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 500 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
[www:nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz) / [social-human.kz](http://social-human.kz)

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2018

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 320 (2018), 198 – 205

**G.Zh. Zholdasbekova**

«Narxoz» University, Almaty city, Republic of Kazakhstan  
[Gulbahyt.Zholdasbekova@narxoz.kz](mailto:Gulbahyt.Zholdasbekova@narxoz.kz)

**DEVELOPMENT OF INTEGRATION PROCESSES  
AT THE PRESENT STAGE**

**Abstract.** Higher education institutions play an important role in creation of the country's human asset. Enterprises, in turn, build their business with the help of their employees' potential who get education in higher educational institution of the country. Therefore, enterprises and high schools should work together to train personnel for the real sector of the economy by joint efforts. But, unfortunately, we have certain obstacles on the way to business cooperation and higher education institutions. Nowadays the integration of higher educational institutions and enterprises is a trend of objective development of specialists' professional training. Over the past decade, the world experience in the field of scientific and technological development has shown that the integration of universities and businesses can effectively respond to globalization and economic crisis.

Transformation of these relations into a stable process is beneficial to both sides, but the question is whether the potential of the two sides is sufficient to make this link an integration process. In this regard, the author of the article reveals the answers to the questions: What is integration? Is there any difference between integration between enterprises and the integration between higher education and business. When studying this term, the author, studying the views of scientists gave her own author's definition to the word "integration". The article considered mechanisms and functions of integration, identified obstacles and opportunities that arise in the integration process.

**Keywords:** integration, education, university, business, enterprises.

ӨОЖ: 33/2964

**Г.Ж. Жолдасбекова**

«Нархоз» университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

**ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙДА ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ДАМУЫ**

**Аннотация.** Білім мен өндірістің интеграциясы – қазіргі заманғы кезеңдегі кәсіби даярлықтың объективтік даму үрдісі. Ол өндірістің ғылымды көп қажет етуімен және мамандардың кәсіби қызметінің мазмұнымен байланысты. Сарапшылардың бағалауы бойынша дәстүрлі, нақты кәсіпорынға бағдарланбаған оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен жас маман [1] кәсіпорында екі жыл жұмыс істеген уақытта ғана әлеуметтік және кәсіби жағынан бейімделеді екен, яғни ұжымда өз орнын ала отырып, оның бір мүшесіне айналады [2]. Мәселе тапсырыс беруші – кәсіпорынмен (ол тұтынушы - кәсіпорын) байланыс орнатылмаған оқу барысында тікелей бейімделудің өте қиын, ал көп жағдайда объективті мүмкін еместігінде. Синергетикалық теория үнемі сыртқы ортамен энергия, зат, ақпарат алмасатын ашық жүйелерде ғана даму мүмкін екенін сенімді түрде дәлелдеп берді. Алуан түрлі ақпаратты өңдеу, интеграциялау ұйымдастыру мен ретке келтірудің жаңа түрлеріне алып келеді (бұл дегеніміз өзін-өзі ұйымдастыру процесі) [3]. Пайдаланылатын ақпараттың жеткілікті және толық болмауы жүйенің жойылуына алып келеді. Сондықтан, жұмыс істеген алғашқы жылдары әлеуметтік бейімделумен қатар жас маман кәсіби салада білімін толықтырады. Ол басқарудың нақты әкімшілік схемасымен танысады, шешімдер қабылдау тәртібін түсінеді, осы кәсіпорынға тән құралдармен және технологиялар мен технологиялық шешімдердің қол жетімді жинағымен танысады. Сондықтан болар бизнес тәжірибесі жоқ жас мамандарды алуға ынталы емес, себебі университет қабырғасынан шыққан жас мамандарды жұмыс үрдісіне ендіруге бірталай уақыт пен қаржы жұмсалады. Осы мәселелерді шешу барысында жоғарғы оқу орындары тарапынан көптеген іс-шаралар жасалатыны мәлім, бірақ өкінішке орай бизнес тарапынан жоғарғы оқу орындарымен байланысты жандандыру мәселесіне салқындық танытатыны қынжылтады. Бизнес де жоғарғы оқу орындары бір-бірімен

байланыстан біршама мүмкіндіктер алады. Осыған орай интеграция деген не? Кәсіпорындардың арасындағы ішінара интеграциясы мен жоғарғы оқу орындары мен кәсіпорындардың арасындағы интеграциядан айырмашылығы бар ма деген сұраққа мақалада автор жауап беруге тырысты. Осы терминді зерттеу барысында автор сөздіктер мен алыс және жақын шетел ғалымдарының интеграция терминіне көзқарастарын сараптап, өзінің авторлық анықтамасын берді.

**Түйін сөздер:** интеграция, білім, университет, бизнес, кәсіпорындар.

Білім мен өндірістің интеграциясы – қазіргі заманғы кезеңдегі кәсіби даярлықтың объективтік даму үрдісі. Ол өндірістің ғылымды көп қажет етуімен және мамандардың кәсіби қызметінің мазмұнымен байланысты. Сарапшылардың бағалауы бойынша дәстүрлі, нақты кәсіпорынға бағдарланбаған оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даярлықтан өткен жас маман [1] кәсіпорында екі жыл жұмыс істеген уақытта ғана әлеуметтік және кәсіби жағынан бейімделеді екен, яғни ұжымда өз орнын ала отырып, оның бір мүшесіне айналады [2]. Мәселе тапсырыс беруші – кәсіпорынмен (ол тұтынушы - кәсіпорын) байланыс орнатылмаған оқу барысында тікелей бейімделудің өте қиын, ал көп жағдайда объективті мүмкін еместігінде. Синергетикалық теория үнемі сыртқы ортамен энергия, зат, ақпарат алмасатын ашық жүйелерде ғана даму мүмкін екенін сенімді түрде дәлелдеп берді. Алуан түрлі ақпаратты өңдеу, интеграциялау ұйымдастыру мен ретке келтірудің жаңа түрлеріне алып келеді (бұл дегеніміз өзін-өзі ұйымдастыру процесі) [3]. Пайдаланылатын ақпараттың жеткілікті және толық болмауы жүйенің жойылуына алып келеді. Сондықтан, жұмыс істеген алғашқы жылдары әлеуметтік бейімделумен қатар жас маман кәсіби салада білімін толықтырады. Ол басқарудың нақты әкімшілік схемасымен танысады, шешімдер қабылдау тәртібін түсінеді, осы кәсіпорынға тән құралдармен және технологиялар мен технологиялық шешімдердің қол жетімді жинағымен танысады. Сондықтан болар бизнес тәжірибесі жоқ жас мамандарды алуға ынталы емес, себебі университет қабырғасынан шыққан жас мамандарды жұмыс үрдісіне ендіруге бірталай уақыт пен қаржы жұмсалатындығы да әсер ететіні белгілі. Осы мәселелерді шешу барысында жоғарғы оқу орындары тарапынан көптеген іс-шаралар жасалатыны мәлім, бірақ өкінішке орай бизнес тарапынан жоғарғы оқу орындарымен байланысты жандандыру мәселесіне салқындық танытатыны қынжылтады. Бизнес де жоғарғы оқу орындары бір-бірімен байланыстан біршама мүмкіндіктер алады.

Студент кәсіпорынның аумағына ішінара ауыстырылған мақсатты даярлық кезінде оқу орны үшін қосымша мүмкіндіктер ашылады, олар:

еңбек нарығы туралы ақпаратқа тұрақты қолжетімділік, бұл мамандықтар мен кәсіптер құрылымын және кадрларды даярлау көлемін нақтылауға мүмкіндік береді; мамандарды даярлау мазмұны бойынша жұмыс берушілердің талаптарын есепке алу: кәсіптік білім беру стандарттарын, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу; өнеркәсіптің қазіргі заманғы секторында қолданылатын жабдықта студенттердің тәжірибеден өтуін ұйымдастыру; жабдықтардың жаңа үлгілерімен және технологиялық процестермен танысу үшін оқытушылардың жүйелі түрде тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру; жұмыс берушілермен бірлесіп әзірленетін тесттер бойынша сараптау комиссияларының мамандарды даярлау сапасын тәуелсіз бағалау тетігін құру; нақты кәсіпорын үшін мамандарды мақсатты түрде даярлау, бұл түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.

Мұндай даярлық оқу орнына еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындап шығаруына мүмкіндік береді. Оны қалайтын не қаламайтындығына қарамастан оқу орны жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда нарықтық қатынастардың субъектісіне айналады, және нарықтың барлық субъектілері секілді кадрлардың тапсырыс берушісі ретінде жұмыс беруші анықтайтын сұранысқа, оның қажеттіліктеріне бағыт-бағдар алуы тиіс. Бұл оқу орнының тіршілік қабілетінің және оның қызмет ету тиімділігінің міндетті шарты. Сондықтан педагогикалық ұжым көп жағдайда өзіне тән емес ерекше жұмыс жасауға: еңбек нарығын зерттеуге, жұмыс берушілердің біліктілік талаптарын нақтылауға, кәсіптер мен мамандықтардың өзгеріп отыратын құрылымын бақылап отыруға, әлеуметтік әріптестерінің нақты қызығушылықтарын анықтауға, өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мәжбүр. Бұл оқу орнының табысты қызмет етуі үшін де қажетті шарт. Ал бизнес өз тарапынан осы айтылған байланыстан бәсекеге қабілетті маман ғана емес жаңа инновациялық идея мен ғылыми жүйеге қол жеткізеді. Жүз нақты қадам 64 қадамында айтылып өткендей инновациялық белсенділікті арттырып, елдің экономикасына жаңа серпін беру


мақсатында жоғарғы оқу орындары мен кәсіпорындардың арасындағы байланысты нығайтып, интеграциялық жұмыстарды белсенді жүргізу қажеттілігі айтылып өткен. Осыған орай интеграция деген не? Кәсіпорындардың арасындағы ішінара интеграциясы мен жоғарғы оқу орындары мен кәсіпорындардың арасындағы интеграциядан айырмашылығы бар ма деген сұраққа автор жауап беруге тырысты.

Осы терминді зерттеу барысында автор сөздіктер мен алыс және жақын шетел ғалымдарының интеграция терминіне көзқарастарын сараптап, өзінің авторлық анықтамасын беруге тырысты.

Интеграция терминін алғаш рет XX ғасырдың 30-шы жылдары неміс және швед ғалымдары қолданған және латын тілінен аударғанда (лат. сөзі integration – қалпына келу, толығу integer - тұтас) интеграция қандай да бір бөліктерді, элементтерді тұтас етіп біріктіруді білдіреді [4].

Қазіргі уақытта бұл термин түрлі салаларда: биология, физика, химия, саясат саласында, ақпараттық, әлеуметтік, мәдени салаларда, математикада және т.б. кеңінен қолданылады. Бұл терминнің ең қарапайым және едәуір кеңінен қолданылатын мағынасы – біріктіру, өзара ену.

Бұл терминнің анықтамаларына жоғарыда келтірілген шолудан көретініміздей интеграцияның жалпы түсінігімен байланысты негізгі сөздердің арасында (1 суретті қараңыз): интеграцияны жағдай ретінде түсінсек: біртұтас, бірыңғай, бөлінбейтін, байланыстылық, байланысты деп айта алады екенбіз, интеграцияны үрдіс ретінде түсінсек: біріктіру, байланыстыру, жақындастыру, бейімдеу, ынтымақтастық, біріктіру, нығайту деп айта аламыз.



1 сурет - «Интеграция» терминінің жалпы мағыналары

Жекелеген мемлекеттің экономикасындағы интеграция, компаниялардың өндірістік-технологиялық байланыстарын кеңейту мен тереңдету ретінде сипатталады, бұл шикізатты, энергетикалық және басқа да ресурстарды, материалдық-техникалық базаны бірлесіп пайдаланудан, сонымен бірге капиталды құю мен өзара көмек көрсетуден көрінуі мүмкін. Экономикалық интеграция бизнестің барынша жоғары тиімділігіне қол жеткізу үшін кәсіпорындардың бір-біріне өзара көмегінің болуын көздейді деп айтуға болады. Осы орайда бірлескен экономикалық дамуға кедергі келтіретін ынтымақтастыққа қатысты шектеулер алынуы, кедергілер жойылуы, істі жүргізу үшін қолайлы жағдайлар жасалуы мүмкін. Капиталдар қосылып, кәсіпорындар бірігуі ықтимал. Қазіргі жағдайлардағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің ынтымақтастығын тереңдету процесі ретінде интеграция қоғамдық дамудың объективті заңдылығы болып табылады. Интеграциялық

үдерістерге қатыса отырып, бизнес өндірістің аралық сатыларында және тауарларды ілгерілетуде бәсекелестікті жойып, нарық, ресурстары үшін күресте күш-жігерін біріктіреді [5].

1 кесте - Авторлардың «интеграция» түсінігінің анықтамасына көзқарастары

Авторлар	Мәні
А.Г.Санина. «Условия интеграции науки, образования и бизнеса в современной России», 125 бет.	Интеграция – халық шаруашылығы және коммерциялық әсерлер алу үшін ресурстарды біріктіру.
Латфуллин Г.Р., Никитин А.С., Серебренников С.С. Теория менеджмента: ЖОО-на арналған оқулық. 2-ші басылым. 3-ші буын стандарты.	Интеграция ымырасыз немесе басымдықсыз екі тарапты да қанағаттандыратын шешімді табудан тұрады
Б.А. Райзберг, Л.Ш Лозовский, Е.Б. Стародубцеваның Қазіргі заманғы экономикалық сөздігі, 479 бет.	Интеграция – экономикалық субъектілердің бірігуі, олардың өзара іс-қимылының тереңдеуі, олардың арасындағы байланыстың дамуы. Экономикалық интеграция тұтас елдердің ұлттық шаруашылықтары деңгейінде, сонымен бірге кәсіпорындар, фирмалар, компаниялар, корпорациялар арасында да болады. Экономикалық интеграция өндірістік-технологиялық байланыстардың кеңеюі мен тереңдеуінде, ресурстарды бірлесіп пайдаланудан, капиталды біріктіруден, сонымен қатар экономикалық қызметті жүзеге асыру үшін бір-біріне қолайлы жағдайлар жасаудан, өзара кедергілерді алып тастаудан көрінеді.
В.Н. Скворцов «Экономика и управление в отрасли: образование», Экономика жаршысы, 2014(4)	Білім берудегі интеграция – білім беруде табиғаты әр түрлі объектілерге қатысты болып жатқан немесе жүзеге асырылатын біріктіру, синтез немесе кооперация процестері.
Мескон, М. Основы менеджмента: ағылш. тілінен аударма / М. Мескон, М. Альберт, Ф. Хедоури. – М.: Дело, 1997. – 704 б.	Қазіргі заманғы экономикада интеграция оның экономикалық бірліктерінің арасындағы өзара іс-әрекеттердің дамуынан, жаңа түрлерінің пайда болуынан, барынша синергетикалық әсер алу мақсатында жүйелердің тұтастық қасиеттерінің пайда болуынан, өсуінен көрінеді. Интеграциялық функциялар жүйенің бұрын бөлек-бөлек болған элементтерінің арасында байланыс орнатудан тұрады.
Борисов, А.Б. Большой экономический словарь / А.Б. Борисов. – М.: Книжный мир, 2003. 895 б.	Интеграция – (лат. сөзі integer – бүтін, біртұтас) экономикалық субъектілердің бірігуі, олардың өзара іс-әрекеттерінің тереңдеуі, арасындағы байланыстардың дамуы
Галпин Т.Дж., Хэндон М. Полное руководство по слияниям и поглощениям компаний: ағылш. тілінен аударма / Т.Дж. Галпин, М. Хэндон. – М., СПб., Киев: Вильямс, 2005. – 240 б.	Интеграция тәуекелдерді әртараптандыру; бұзылған ұйымдастырушылық байланыстарды қалпына келтіру және оларды құрылымдық қайта құру, экономикалық реформалар барысында кәсіпорындардың арасындағы өзара қарым-қатынастар сипатының өзгеруі нәтижесінде транзакциялық шығындарды төмендету мақсатында компаниялардың бірігу процесі ретінде.
Кэмпбел, Д. Стратегический менеджмент: оқулық: ағыл. тілінен ауд. / Д. Кэмпбел, Дж. Стоунхаус, Б. Хьюстон. – М.: Проспект, 2003. – 336 б.	Интеграция субъектілердің тұрақты келісілген іс-қимыл жасауы жағдайындағы ішкі өсуден көрінеді, олардың дамуының экономикалық циклінің барлық сатыларында жүреді.
Клейнер, Г.Б. Стратегии бизнеса: аналитикалық анықтамалық / Г.Б. Клейнер. – М.: КОНСЭКО, 1998. – 443 б.	Интеграция – ұйымдардың арасында олардың басты мақсаттарының ұзақ мерзімге жақындауын қамтамасыз ететін өзара қарым-қатынастар орнату.
Самуэльсон, П.А. Экономика: ағылш. тіл. аудар. / П.А. Самуэльсон, В.Д. Нордхаус. – М.: Вильямс, 2006. –1360 б	Интеграция қолда бар ресурстарды жақсы пайдалануға жағдай жасауды қамтамасыз етеді
Современный словарь иностранных слов – М.: Русский язык, 1993 – 240 б.	Интеграция – бұл экономикалық және өндірістік ынтымақтастықты өзара бейімдеу, кеңейту, екі және одан да көп мемлекеттердің ұлттық шаруашылықтарын біріктіру процесі, шаруашылық өмірді интернационаландыру нысаны
Джонсон Дж. Және т.б. Современная логистика. – 7-ші басылым: Ағылш. тіл. аудар. – М.: Вильямс, 2002. – 559 б.;	Интеграция – күш-жігер, іс-әрекеттер, мүмкіндіктерді біріктіру
Хэндфилд Р.Б., Эрнест Л. Реорганизация цепей поставок: Создание интегрированных систем формирования ценностей. – М.: Вильямс, 2003. – 23 б.	Интеграция – қосу, қатыстыру

Сонымен жоғарғы оқу орындары мен бизнестің арасындағы интеграцияға келетін болсақ



интеграция дегеніміз- субъектілердің жас мамандарды дайындауда қолда бар ресурстарды тиімді пайдалана отырып, олардың өзара іс-қимылының тереңдеуі, олардың арасындағы байланыстың дамуы, оңтайлы шешімдерді қабылдау және өзара бейімделу.

Шаруашылық тәжірибеде ынтымақтастықтың мақсаттарына, қатысушылар арасындағы қарым-қатынастардың сипатына, интеграция субъектілерінің өзара іс-қимыл жасау ерекшелігіне және функционалдық ерекшеліктеріне байланысты өзгешеленетін интеграцияның алуан түрлері қалыптасқан. Интеграцияның екі түрі бар – көлденең және тік интеграция. Көлденең интеграция кезінде ұқсас кәсіпорындардың бірігуі жүреді, мұндай интеграцияның мақсаты – өндірістің тиімділігін арттыру. Тік интеграция кезінде өндіріске ортақ қатысатын компаниялар бірігеді [6]. Экономикалық интеграцияны ұйымдастыру практикасына жүргізілген талдау негізінде біріктіру және қосу барысында ұйымдардың бірігуі интеграцияның классикалық көрінісі болып табылады деген қорытынды жасауға болады, бұл активтердің меншігіне ғана емес, сонымен бірге оларды басқаруға бақылау орнатумен сипатталады және ұйымдарды күшейту арқылы иерархиялық жүйелердің қалыптасуына алып келеді [6]. Интеграцияның мұндай нысанын классикалық интеграция деп атаған жөн.

Сонымен бірге күн санап өршіп келе жатқан жаһандық бәсекелестік бұл қиын басқарылатын құрылымдарды әрдайым тиімді ете бермейді және қазіргі экономикада кешенді ішкі иерархиялық құрылымнан бас тартып, басқарудағы икемділікті қамтамасыз ететін интеграцияның өзге нысандарына көшу, яғни интеграцияның әріптестік нысанын пайдалану қажеттігі туындайды. Алайда, интеграциялану әрдайым біріктіру немесе жұтып алу есебінен активтердің артуын көздей бермейді. Құрылым бір заңды тұлғаның құрамындағы бөлімшелерден емес, ресми түрде тәуелсіз экономикалық субъектілерден тұрған жағдайда интеграциялық үрдістерді іске асыру үшін жағдайлар жасалуы мүмкін. Мәселен, қазіргі заманғы салалық нарықтарда маңызды рөл атқаратын дәстүрлі интеграциялық құрылымдармен қатар ақпараттық қоғамда ресми түрде дербес экономикалық субъектілерден тұратын және бұл ретте олардың әрқайсысының қасиеттерінің жиынтығына алып келмейтін өзара бірін бірі толықтыратын қасиеттерге ие интеграциялық құрылымдар пайда болады.

Интеграцияның қаралып өткен нысандарының негізгі айрықша ерекшелігі классикалық («қатан») интеграция меншікке, сонымен бірге біріктірілген активтерді басқаруға толық бақылау орнатуды көздейтіндігінде [5], сонымен бірге интеграцияның әріптестік («икемді») нысанында ресми түрде дербес ұйымдардың меншігіне заңды бақылау болмаған жағдайда олардың әрекетіне бақылау жасалатындығында. Бұл орайда нұсқалардың әрқайсысы интеграция барысында экономикалық субъектілердің арасындағы қарым-қатынастар сипатының өзгеретінін білдіреді, ресурстар мен негізгі компоненттер және оларды әрі қарай пайдалану келісіледі.

Жоғары білім беру жүйесінде интеграциялық үдерістерді жүргізудің базалық негіздеріне: себептер, ынталандырулар, шарттарын жатқызу қажет [7]. Жоғарғы оқу орындарының бизнеспен интеграция үдерісін жүргізу үшін бірнеше себептер бар, едәуір маңыздыларына келесілерді жатқызуға болады:

техникалық және әдістемелік жарақтандырылу деңгейін арттыру; білім беру үдерісіне инновацияларды енгізу; білім беру қызметтерінің қолжетімділігін қамтамасыз ету және сапасын арттыру; шығыстарды, оның ішінде жіберіп алынған мүмкіндіктер шығындарын азайту; білім беру мекемелері мен өнеркәсіптік кәсіпорындар арасында сенімді, өзара тиімді ынтымақтастық орнату; сыртқы әсерлерге байланысты икемді әрекет ету, оның ішінде мемлекеттік реттеу; жоспарлау, үйлестіру мен бақылаудың тиімді жүйелерін құру.

Осылайша, жоғарыда айтылған себептердің негізінде интеграциялық үдерістер білім беру ұйымдары мен бизнестің ресурстарды және байланыстарды бірлесіп пайдалануынан көрінетіні айқын. Біліктілігі жоғары мамандар даярлайтын білім беру жүйесінің субъектілері нарық жүйесінің түрлі субъектілерімен өзара іс-қимыл жасайды және осы себеппен мемлекеттік реттеуге, сонымен бірге білім беру қызметтерін тұтынушылардың, оның ішінде жұмыс берушілердің талаптарына бейімдеуге мәжбүр.

Интеграциялық үрдіс алты өзара байланысты кезеңнен тұрады. Білім беру мекемелері мен кәсіпорынның арасында болып жатқан интеграциялық процестерге аналитикалық зерттеу жүргізу мақсатында біз интеграциялық үдерісті көптеген ғалымдардың пайымдауын ескере отырып

интеграциялық үдерістің теориялық түсініктерінің ара-қатынасын көрсететін өзара байланысты алты кезеңін бөліп алу арқылы құрылымдауды ұсынамыз.

1. Интеграциялық үдерістің **мақсаты жасалады**, ол интеграциядан пайда алуға түрткі болатын себептерге негізделеді.

